

Жанибеков А.К., Арын А.А.,
Умбетбаева Ж.Б.

**Қылмыстық іс жүргізудегі
дәлелдемелерді
топтастырудың тәртібі**

Аталған мақалада авторлар дәлелдемелерді жіктеудің негіздерін, дәлелдемелерді жіктеудің тәжірибелік маңызын, дәлелдемелердің түрлерін қарастыра отырып, дәлелдемелерді жіктеуден туындайтын түрлі авторлардың көзқарастарын талдаған.

Түйін сөздер: дәлелдемелер, топтастыру, дәлелдемелердің қайнар көздері, заттай дәлелдемелер, алиби.

Zhanibekov A.K., Aryn A.A.,
Umbetbaeva Zh.B.

**The order of classification of
evidence in criminal proceedings**

In this article, the authors examined the types of evidence, the basis of the classification of evidence, the practical importance of the classification of evidence, and analyzed the opinions of various authors regarding the classification of evidence.

Key words: evidence, classification, sources of evidence, alibi.

Жанибеков А.К., Арын А.А.,
Умбетбаева Ж.Б.

**Порядок классификации
доказательств в уголовном
процессе**

В данной статье авторы рассмотрели виды доказательств, основы классификации доказательств, практическую значимость классификации доказательств, а также анализировали мнения различных авторов касательно классификации доказательств.

Ключевые слова: доказательства, классификация, источники доказательств, вещественные доказательства, алиби.

**ҚЫЛМЫСТЫҚ
ІС ЖҮРГІЗУДЕГІ
ДӘЛЕЛДЕМЕЛЕРДІ
ТОПТАСТЫРУДЫҢ
ТӘРТІБІ**

Дәлелдемелерді жіктеудің теориялық та, тәжірибелік те маңызы бар. Теориялық маңызы мынадан көрінеді: жіктеу зерттелетін объектілерге жүйелік көзқарастың негізі болып табылады. Қызмет ретінде дәлелдеу процесінің күрделілігі мен әр қилылығына, іс жүргізушілік дәлелдеуге тартылатын объектілердің шексіздігіне, сондай-ақ дәлелдемелер мен мазмұнының алуан түрлілігіне байланысты дәлелдемелерге қатысты бұл өте маңызды. Дәлелдемелерді жіктеудің тәжірибелік маңызы туралы айта келіп А.А. Хмыров былай деп атап өтеді: дәлелдемелерді жіктеу, оларды жинаудың, зерттеудің және бағалаудың ерекшеліктерін алдын ала анықтайды, жекелеген дәлелдемелер түрлерінің іс жүргізушілік режимін, сондай-ақ оларды пайдаланудың жолдары мен әдістерін, оларды дәлелдеудегі маңызын дұрыс анықтауға көмектеседі [1, 126 б.].

Жіктеу істің мән-жайын жан-жақты, толық және объективті түрде зерттеуге жәрдемдесуі тиіс және жинақталған дәлелдемелер жиынтығын бір жүйеге түсіруге, дәлелдеуге жататын іс жағдайларының қайсысы жеткілікті түрде толық анықталғанын, қайсысы әлі де анықталмағанын не қосымша нақтылануға мұқтаж екенін білуге көмектеседі.

Жоғарыда айтылғандай, зерттеу объектісінің көп қырлылығына байланысты қандай да бір негізі немесе белгісі бойынша дәлелдемелерді толық жіктеу мүмкін емес. Мынаны да есте ұстау керек: дәлелдемелерді жіктеу дәлелдемелердің қайсысы «жақсы» деген сұраққа жауап бермейді. Мәселені осылайша қою бірде бір дәлелдеменің күні бұрын анықталған күші болмайтындығы туралы қылмыстық іс жүргізушілік ережені мағынасынан айырады. Сонымен, дәлелдемелерді жіктеудің тәжірибелік маңызы іс бойынша анықталған дәлелдемені бағалау кезінде соттың қорытынды ережелерінің сипатына қолданылмайды.

Дәстүрлі түрде қабылданған жіктеу мынадай негіздер бойынша бөлуді қарастырады:

- 1) дәлелдемелер мен олардың қайнар көздерінің байланысы бойынша;
- 2) дәлелдемелердің сипаты бойынша;
- 3) дәлелдемелерді алу мен пайдаланудың сипаты бойынша.

Дәлелдемелер мен олардың қайнар көздерінің байланысы бойынша дәлелдемелер мынадай түрге бөлінеді:

- а) жеке және заттай;
- ә) бастапқы және іс жүргізу барысындағы;
- б) сапалы және сапасыз.

Жеке және заттай дәлелдемелер дәлелдемелік ақпараттың қалыптасу тетігін сипаттайды және осы тетіктің ақпаратты сақтаушысымен байланысын анықтайды. Егер ақпараттың қайнар көзі адам болса (айыпталушының, күдіктінің, куәнің жауаптары, сарапшы қорытындысы), онда ол жеке дәлелдемелерге жатады. Егер ақпарат заттар мен құжаттарда болса, бұл орайда құжаттар адамдардың жауап беруін тіркемеуге тиіс, онда олар заттай дәлелдемелерге жатады.

Заттай айғақтар туралы айта отырып, Ф.Н. Фаткуллин былай деп көрсетеді: «Іс жүзіндегі ақпараттың сақтаушысы материалдық объектілер болып табылатын, ал ақпараттың өзі тілден тыс нысанда берілетін дәлелдемелер мен қайнар көздер заттай деп аталуы мүмкін. Мұндайлардың қатарына қылмыстық қызметтің құралдары мен өнімдері, қоғамдық қауіпті әрекеттің іздері бар заттар, қылмыстық жолмен пайда болған құндылықтар жатады. Бұл жерде іс үшін маңызы бар жағдайлар туралы тиісті ақпарат қылмыстық істі тергеу және соттың қарауы кезінде тікелей сезіммен қабылдауға болатын материалдық «іздер» мен нақты фактілер түрінде сақталады және беріледі» [2, 60 б.].

Дәлелдемелерді жеке және заттай деп бөлу олардың қалыптасуының негіздері мен тетіктерін саралаудан көрінеді. Мұндай саралау дәлелдемелерді жинаудың, тексерудің және бағалаудың тиімді әдістемесі мен тактикасын жасау үшін қажет.

Қаралып отырған негіз бойынша дәлелдемелерді жіктеуден туындайтын түрлі көзқарастарды талдай отырып, П.С. Элькинд «Дәлелдемелер теориясы» (1973) авторларына кейбір сын-пікірлер айтады: олар «дәлелдемелердің екінші түрін тек заттай айғақтарға әкеліп тірейді, біз мұнымен келісе алмаймыз, өйткені заттай айғақтар азаматтардан шықпайтын дәлелдеме компоненттерінің бірін құрайды. Мынаны да ескеру керек: тергеу және сот іс-қимылының хаттамалары белгілі бір адамдардан шыққан ақпаратты (мәселен, жауап алу хаттамасы) не заттар мен құжаттарда бар ақпаратты (мәселен, заттық айғақты қарау хаттамасы, тінту кезінде табылған құжатты көрсете отырып жасалған тінту хаттамасы және басқалары) куәландыра алады. Кез келген хаттамаға нақты адамдар қол қояды және осы формалды белгісі

бойынша адамдардан шыққан дәлелдемелерге жатқызуға болар еді, дегенмен шешуші рөлді оның мазмұны көрсетеді, ол адамдардан шыққан және заттар мен құжаттарда бар ақпаратты бекітеді» [3, 78 б.].

Дәлелдемелерді жеке және заттай деп бөлудің бар болғаны сыртқы формальды сипаты ғана бар және өзін қалыптастырудың тетігін қамтитын дәлелдеме табиғатын бейнелейді.

Бастапқы және туынды дәлелдемелер. Мұндай жіктеу Ф.Н. Фаткуллин атап көрсеткеніндей, «іс бойынша анықтауға жататын факті мен оның бейнесі болып табылатын ақпарат арасындағы дәнекерлік деңгейінің белгісіне негізделеді».

Бастапқы дәлелдемелерге тікелей бастау көзден шыққан және ақпарат сақтаушысы мен ақпарат арасында қандай да бір аралық буыны жоқ дәлелдемелер жатады. Мәселен, өзін қызықтырған фактіні тікелей қабылдаған куәнің жауабы бастапқы дәлелдемелер болып табылады. Осы топқа барлық уақытта «дәлелдеу тақырыбының құрамдас материалдандырылған «бөліктері ретінде» заттай айғақтар да жатады».

Туынды дәлелдемелерге «анықтау, тергеу, сот органдары ақпараттың екінші қайнар көзінен, «екінші қолдан» (құжат көшірмесі, куәнің тікелей тиісті оқиғаны бақылаған, басқа адамнан не естігені туралы жауап беруі және басқалары)» алған ақпараты жатады.

Дәлелдемелерді бастапқы және туынды деп бөлудің маңызы дәлелдеменің тікелей бастапқы көзден қаншалықты деңгейге ұлғайғанын анықтаудың тәжірибелік қажеттілігіне байланысты. Қашықтық деңгейі елеулі болған сайын қате мәлімет алудың ықтималдығы ұлғая түседі.

Туынды дәлелдеудің мәні туралы мәселеде белгілі бір күрделілік бар. В.Д. Арсеньев атап өткеніндей, туынды дәлелдемелерді қалыптастыру процесінің кездейсоқ, сондай-ақ жасанды сипаты болады. Қылмыстық іс жүргізуді жүзеге асыратын адамның еркінен тыс орын алатынның бәрі де кездейсоқ сипатта болады (мәселен, тікелей куә мен өзге де адамдардың арасында істің мән-жайы туралы кездейсоқ пікір алмасу). Сот ісін жүргізуде туынды дәлелдемелерді сапалы түрде қалыптастыру процесі де жүреді. Мәселен, «егер оқиғаның басында болған куә тергеушіге жауап берсе, соңғысы істі түпкілікті шешетін сотқа қатысты жауап беріп (куә белгілі бір себептермен тікелей жауап беруге келе алмаса) туынды дәлелдеменің көзі ретінде шыға алады. Осы себепке байланысты тікелей жауап алу, тінту жүргізу және өзге де іс-әрекет хаттамасы хаттамалардың өзінде

тіркелген дәлелдемелерге қатысы жөнінен туынды болып табылады. Міне, осыны назарға ала отырып, С.В. Курылев құжаттарды жасауға «туынды, дәлелдемелерді туғызудың саналы түрде ұйымдастырылған процесі» деп сипаттама берді [4, 203 б.].

Сапалы және сапасыз дәлелдемелер. Мұндай жіктеу «іс жүзінде ақпарат сақтаушының оны дұрыс қабылдау, сақтау және көз алдына келтіру қабілетін, қандай да бір басқа себепке байланысты хабарланатын ақпараттың өңін айналдырмауды оның нақтылығын, қарама-қайшы болмауын және тиісінше іс жүргізушілік ресімделуін» білдіреді.

Дәлелдеменің сапалық сипаты сыртқы белгілерді ғана емес, сонымен бірге ізделетін ақпараттың мәнділігі мен мазмұнын да қамтиды. Сыртқы және ішкі сипаттамаларының жалпы іс жүргізушілік сипаттарға сәйкес келуі іс жүзінде мұндай ақпарат істің мән-жайын объективті түрде бейнелейді және өзінің сапалылығына байланысты іс бойынша қорытынды ережелерді қалыптастыруда маңызы болады дегенді білдіреді.

Сапалы дәлелдеме өзінің сипаты бойынша мынадай түрлерге бөлінеді:

- а) айыптау және ақтау;
- ә) тікелей және жанама.

Айыптау және ақтау дәлелдемелері. Қаралып отырған жіктеу дәлелдеменің айыптау тақырыбына қатысын білдіреді.

Айыптауға заңға қайшы іс-әрекет жасаған адамның кінәлілігін немесе адамның жауапкершілігін ауырлататын мән-жайды сөзсіз анықтайтын іс жүзіндегі деректер жатады. Ақтауға айыптауды жоққа шығаратын не адамның жауапкершілігін жұмсартатын мән-жайды анықтайтын дәлелдемелер жатады. Ақтау дәлелдемелерінің бір түріне алиби жатады.

«Дәлелдемелер теориясының» авторлары (1973 ж.) айыптау тақырыбына қатысы жөнінен дәлелдемелер «бейтарап» болуы мүмкін деген Р.Д. Рахуновтың тезисін сынға алады, А.И. Винберг дәлелдеменің «бейтараптығы» қылмыстық іс жүргізушілік заңның ережелеріне қайшы келеді деп есептейді, аталған заңға сәйкес іс жүзіндегі деректер қоғамның қауіпті әрекетінің, адамның кінәсінің және іс үшін маңызы бар өзге де жағдайлардың болғандығын немесе болмағандығын анықтау үшін негіз болып табылады. Яғни дәлелдеменің «бейтараптық» қасиетін тану дәлелдемені іс жүргізушілік мағынасында жоққа шығаруға әкеліп соғады [5, 56 б.].

Дәлелдемені ақтауға және айыптауға жатқызудың құбылмалы сипаты бар. Қылмыстық сот ісін жүргізудің әр түрлі сатыларында белгілі бір ақпарат ақтау сипатында да, айыптау сипатында да көрінуі мүмкін.

Тікелей және жанама дәлелдемелер. Логикалық сипаттағы мұндай жіктеу дәлелденетін мән-жайды негіздеу процесінің құрылымын білдіреді. Осы құрылымдық айырмашылығын негізге ала отырып, бірқатар зерттеушілер тікелей дәлелдемені – бір сатылыға, ал жанаманы – көп сатылыға жатқызады. Ф.Н. Фаткуллиннің көрсеткені сияқты «дәлелдемелерді тікелей және жанама деп жіктеудің негізіне олардың белгілі бір адам жасаған (қысқаша іс бойынша басты факті деп атасақ) фактіге ғана қатысын алған анағұрлым орынды. Бұл орайда тікелей дәлелдемелер ретінде іс жүзіндегі деректер қызмет етеді, іс жүзіндегі деректер іс бойынша белгілі бір әрекетті жасаушы немесе жасамаушы ретінде нақты адамды тікелей және бір мәнді етіп көрсетеді. Мұндай белгілер қатарына жәбірленушінің күдіктіні тануы, айыпталушының өзіне тағылған іс-әрекетті жасағандығын мойындауы, куәлардың нақ осы адамның іс-әрекет жасағандығы туралы мәліметтер беруі, осы адамның зұлымдық жасағандығы туралы сарапшының қорытындысы, айыпталушының алибиі жатады [6, 106 б.].

Жанама дәлелдемелер деп нақты іс жүзіндегі деректерді тану керек, ондай деректер тергеліп жатқан әрекетті жасаушыға тікелей қатысты емес, істің қалған мән-жайларының жиынтығында ғана қылмысты ашуға және кінәліні анықтауға жәрдемдеседі. Бұл, айталық, тас жол бойында жатқан мәйітті табу, мәйітті машинаның басып кеткен іздері, нақты машинадан адам басқандығының іздерін анықтау, кісіні басқан уақытпен бір шамада осы тас жол бойымен машинаның жүру фактісі және мұндай фактілердің бәрі іс бойынша белгілі әрекетті белгілі бір адамның жасағандығы туралы қорытындыға әкеледі.

Дәлелдемелерді басты факт және дәлелдемелік факті деп бөлетін бұрын теорияда билік құрған тұжырымды дамыту болып табылады. Атап айтқанда М. С. Строгович былай деп жазды: «Дәлелдемелер айыпталушы өзіне тағылған қылмысты жасағандығы туралы басқа фактіні немесе дәлелдемелік фактіні, яғни басты фактіге енбейтін, бірақ істің басқа да жағдайлары мен жиынтығында басты фактіні анықтау үшін қызмет ететін қандай да бір қосымша фактіні анықтауға байланысты тікелей және жанама

дәлелдемелерге бөлінеді. Тікелей дәлелдеме басты фактіні анықтайды. Жанама дәлелдемені басты факті емес, дәлелдемелік факті анықтайды, соңғысы өз кезегінде басты фактінің дәлелдемесі болып табылады» [7, 28 б.].

Дәлелдемелерді тікелей немесе жанама деп бөлуге қатысты П.С. Элькинд өзіндік бағыт ұстанады. Атап айтқанда, ол осындай бөлудің жіктеу өлшемдеріне мынаны жатқызады: «нақты адамның өзіне тағылған қылмысты жасауы, мұның өзі негізінен қылмыс құрамының субъектісі мен объектісіне байланысты». Дәлелдемелерді тікелей және жана-

ма деп бөлу – іс бойынша барлық анықталған іс жүзіндегі деректердің жиынтығын бағалау негізінде істі мәні бойынша шешу туралы талаптардың маңыздылығын кемітпейді. Тікелей дәлелдемелердің болуы жанама дәлелдердің «қажетсіздігін» білдірмейді. Оның үстіне ізделетін фактілер жанама дәлелдемелердің негізінде ғана дәлме-дәл анықталуы мүмкін. Соңғы жағдай жанама дәлелдемелерді өзара байланысы жоқ үзік-үзік мәліметтер ретінде қарауды жоққа шығарады, өйткені керісінше жағдайда әрекеттің логикалық дәлме-дәл өлшенген суретін қайта қалпына келтіруге болмайды.

Әдебиеттер

- 1 Белозеров Ю.Н., Чугунов А.А. Проблема обеспечения законности обоснованности возбуждения уголовного дела. – М., 1976. – 223 с.
- 2 Фаткуллин Ф.Н. Общие проблемы процессуального доказывания. – Казань, 1976. – С. 60-63.
- 3 Вопросы расследования преступлений. Справочное пособие / под ред. А.Я. Кочанова. – М., 1996. – 101 с.
- 4 Avijit Debnath, Niranjana Roy. Linkage between internal migration and crime: Evidence from India// International Journal of Law, Crime and Justice, Volume 41, Issue 3, September 2013, Pages 203-212// <http://www.sciencedirect.com>
- 5 Демидов И.Ф. Проблемы прав человека в Российском уголовном процессе. – М., 1995. – 122 с.
- 6 Шерба С.П., Зайцев О.С. Охрана прав потерпевших и свидетелей по уголовным делам. – М., 1996. – 156 с.
- 7 Трусов А.И. Основы теории судебных доказательств. – М., 1960. – 89 с.

References

- 1 Belozеров Ju.N., Chugunov A.A. Problema obespechenija zakonnosti obosnovannosti vobuzhdenija ugolovnogo dela. – М., 1976. – 223 s.
- 2 Fatkullin F.N. Obshhie problemy processual'nogo dokazyvanija. – Kazan', 1976. – S. 60-63.
- 3 Voprosy rassledovaniya prestuplenij. Spravochnoe posobie / pod red. A.Ja. Kochanova. – М., 1996. – 101 s.
- 4 Avijit Debnath, Niranjana Roy. Linkage between internal migration and crime: Evidence from India// International Journal of Law, Crime and Justice, Volume 41, Issue 3, September 2013, Pages 203-212// <http://www.sciencedirect.com>
- 5 Demidov I.F. Problemy prav cheloveka v Rossijskom ugolovnom processe. – М., 1995. – 122 s.
- 6 Shherba S.P., Zajcev O.S. Ohrana prav poterpevshih i svidetelej po ugolovnym delam. – М., 1996. – 156 s.
- 7 Trusov A.I. Osnovy teorii sudebnyh dokazatel'stv. – М., 1960. – 89 s.